

Б.К. ҚАЛШАБАЕВА,  
тарих ғылымдарының докторы  
(Қазақстан, Алматы қ.)

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНЕН КЕЛГЕН ОРАЛМАНДАРДЫҢ ТАРИХИ ОТАНҒА БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміз тәуелсіздік алғалы 20 жыл бойы алыс және жақын шетелдердегі отандастарымыздың ата қоныс, мекені – тарихи Отанға қоныс аударуы толастаған жоқ деуге болады. Оның себептері біріншіден, алғашқы кезде қазақтардың ата жұртқа деген сағынышының басым болуы, екіншіден, Қазақстан республикасының мемлекеттік саясатындағы алыс және жақын шетелдердегі қазақтарды репатриациялау бағытымен байланысты болса, үшіншіден, отандастарымыздың сол елдегі әлеуметтік-саяси жағдайымен де байланыстыруға болады. Мәселен, сол мемлекеттердегі ішкі саяси, әлеуметтік экономикалық жағдайлардың да шиеленісуі, адамдардың күнделікті және қоғамдық саяси, мәдени сұраныстарын толық қанағаттандырылмауы, жоғары мемлекеттік билік орындарға ұлтына қарай шектеу, әлеуметтік, саяси құқықтарының қорғалмауы, материалдық жағдайының нашарлауы, тұрмыс тіршілігінің көптеген саласында кепілдік құқықтардың жоқ болуы, қазақ тіліндегі мектептердің жабылуы т.с.с.

Өзбекстаннан көшіп келушілердің көбеюінің тағы бір басты себебін көші-қон және демография агенттігі Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы шекараның түпкілікті айқындалып, даулы елді-мекендер мәселесі шешіліп, екі жақтың мемлекет аралық келісімге қол қоюымен байланыстырады. Себебі, Өзбекстанның шекаралас кейбір аумақтары Қазақстанның жалға берілген жер аймағы (Бостандық ауданы, Шыназ, т.б. елді-мекендер) саналатын. Екі ел арасындағы шекара нақтыланып, белгіленген соң Қазақстанға ену үмітінен арылып, ата қонысқа көш аудару бастады. Отандастарымыздың тарихи отанға қоныс аударуының тағы бір себебі, еліміздің азды-көпті отандастарымызға беріп отырған материалдық және моральдық көмегі деуге болады. Соның бірі Қазақстан республикасының көші-қон және демография жөніндегі агенттігі оралмандардың пәтерге, жәрдемақыға, көлік шығынына тиесілі қарыздардан құтылу үшін, тізімін, есебін жасап, оны Үкімет алдына қойып дәлелдеп, қаржы бөліріп, соның нәтижесінде 1999 жылдан 2010 жылға дейін көшіп келу квотасына кіргендерге тиесілі жеңілдіктерін бергізді. Содан бері Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің берген мәліметі бойынша 1991 - 2007 жж. жақын шетелдерден Қазақстан 651299 адамды (165861 отбасы) қабылдады. Соның - 61,3% не 399453 адам (102748 отбасы) Өзбекстан қазақтарын құрайды [1, 337 б.]. Бірақ айта кету керек тарихи отанға ең алдымен қоныс аударғандар ата жұртында отырғандар емес сол аумаққа кейінірек ұжымдастыру, ашаршылық кезінде барғандар мен тарихи Отанында байланысы тығыз қазақтар (туыс-жегжаты бар) көш бастады. Бірақ әлі күнге дейін ата мекеніміз осы жер, қайда барамыз деп отырған

Ташкенттің маңайындағы «Той тепе», «Сіргелі», т.б. елді-мекендердегі қазақтар да жеткілікті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елге оралған отандастарымыздың ішінде Қарақалпақстандағы қазақтардың үлесі көбірек болды. Олардың да елге оралуы алдымен жоғарыдағы себептермен бірге елдегі экологиялық қолайсыздықтар оның ішінде Арал теңізінің экологиялық апатының әсері болды. Қазақтардың елге оралуына түрткі болып отырған тағы бір факторлар: қазақ тұрғындар арасында әсіресе жастар мен әйелдер ортасында жұмыссыздық өте жоғары. Ол орта білімі барлар арасында 50 - 60%-ға дейін жетсе, Қарақалпақстанда жұмысқа жарамды халықтың 70 % жұмыссыз болды [2, 214-215 бб.]. Сондықтанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қарақалпақстаннан көшкен қандастарымыздың көпшілігі Алматы мен Ақтөбе облыстарына көбірек қоныстанды. Мәселен, Алматы облысының Қарасай ауданына қарасты елді-мекендер мен «Шаңырақ», «Өжет», т.с.с. елді-мекендерге де шоғырлана орналасқан. Ал, кейінгі кезеңдерде аумақтың әлеуметтік жағдайының жоғарылауына байланысты Маңқыстау облысына да қоныс аудару көбейе түсті.

Енді осы елге оралған оралмандардың төл ортаға бейімделуі, тарихи Отандағы этникалық сіңісу үдерісі қалай жүруде деген мәселелер кімді болса да толғандыратыны анық. Жалпы, «Адаптация» – бейімделу (латын. Adapto) жеке адамның әлеуметтік ортаға бейімделуі үшін белсенді іс-әрекеті, яғни әлеуметтік ортаның шындығымен бетпе-бет келуі деген мағынаны білдіреді. Олай болса, қандастарымыздың алыс және жақын шетелдерде өмір сүріп, бүгінгі таңда төл ортаға, яғни ата-мекеніне келіп, қоғамдық әлеуметтік өміріне бейімделуі, сіңісуі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Олай болса, көші-қон мәселесінде оралмандардың төл ортаға бейімделу мәселесіне де жеткілікті дәрежеде көңіл қою керек.

Елге оралған отандастарымыздың әлеуметтік жағдайының төмен болуына қарамастан қазақ этносының жоғары деңгейдегі бейімделу мүмкіншілігі жаңа жағдайда қоғамнан өз орнын табуға көмектеседі. Қазақ диаспорасының ерекшелігі сонда, көшпелі өркениеті бар қазақтар қай әлемде болмасын табысты бейімделе алады. Кейбір шетелдік зерттеушілер қазақтардағы негізгі құндылық олардың белгілі бір ұрпақ тобына жату идеологиясының беріктігі деп санайды. Бір қызығы архайкалық идеология диаспораның үдеген урбанизациясына және ортаның ассимиляциялық контрфакторы болмай қоймайтындығына қарамастан гүлдену үстінде. Себебі, қазақ диаспорасының жоғары және орта буын өкілдері қай жерде жүрмесін өзінің қай жүзге, руға жататындығын жақсы біледі. Сондықтан да белгілі ұрпақ тобына жататын концепциясын үзбей тұрғанда, қазақтар өзіндік субмәдениетін сақтап қалады. Олай болса, елге оралған оралмандарды ең алдымен олардың сол жақта тұрған аумақтарымен географиялық-климаттық жағынан ұқсас аудандарға және келген тобымен бірыңғай орналастыруға ерекше көңіл бөлу керек. Оларды кең байтақ қазақ жеріне тарыдай шашып жібермей әбден жерсініп үйреніскенше, жұмыс тауып өз беттерінше жан бағатындай дәрежеге жеткенше бір жерге шоғырландыру керек. Бұл

экономикалық-әлеуметтік жағынан да, демографиялық-саяси тұрғыдан да дұрыс шешім. Мәселен, Өзбекстаннан оралған көптеген оралмандар Оңтүстік Қазақстан облысына орналасып, облыс аумағында «Дастан», «Достық», «Атамекен», «Береке», «Сауле» деген ауылдар өсіп шықты. Бүгінде олардың мектебі, дәрігерлік пункттері бар. Олардың көпшілігі үй-жайын салып, егіншілікпен, кәсіпкерлікпен айналысып, күндерін көруде [3]. Ал, жастары да жергілікті жастармен қоян-қолтық араласқан. Бір айта кететін нәрсе 1147 «Қазақ диаспорасы және репатрианттар: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жоба бойынша жүргізген зерттеулерімізге қарағанда Оңтүстік аумақтарда оралмандарды «өзбек», «тәжік» не «ирандық» (Оңтүстіктегі оралмандарды көбіне Өзбекстаннан, Тәжікстаннан және Ираннан келген қазақтар құрайды) деп атау көп кездесе бермейді. Мұндағы қазақтарда ерекшеленіп тұратын тек Ираннан келген қазақтар олардың өзі бүгінде жергілікті халықтардан қыз алысып араласуда. Өмірдің талай ауыртпашылығын көрген олар қай жерде жүрсе де сол елдің экономикалық жағдайына тез бейімделеді. Олардың көпшілігі кәсіпкерлікпен айналысып (тері, металл жинау), жағдайларын тез түзеп алған. Сондықтан да, оңтүстікте жергілікті қазақтар дәстүрлерінде айырмашылықтар болғанына қарамастан Ираннан келген қазақтармен құдаласуға қарсылық білдірмейді, олардың әл-ауқаты жақсы, қызымыз жыламайды деген, сөздерін зерттеу барысында жиі естідік [4].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ақ 1992-1994 жылдары Тәжікстанда орын алған саяси оқиғаларға байланысты 6000 мыңнан аса қазақтар Қазақстанның оңтүстік облыстарына оралды. Бүгінде олар Сарыағаш ауданындағы елді-мекендерге орналасып, жергілікті халықтармен қоян-қолтық араласып кеткен.

Орталық Азиядан қоныс аударған қазақтардың ендігі бір тобын Түркіменстаннан келген қазақтар құрайды. Олар негізінен Маңқыстау облысының Ақтау және Жаңаөзен қалаларының жанындағы саяжайларға қоныстанған. Олардың да ресми түрде тіркеуге тұруларына жағдай жасалып, үй тұрғызып алу үшін жер учаскелерімен қамтамасыз етілген. Мәселен, 2002 жылы Ақтау қаласы әкімінің шешімдерімен қала маңындағы «Прогресс», «Химик», «Мичуринец», «Синтез» саяжайларынан 53 жер учаскесі жекеменшікке беріліп, 148 отбасына жалға беру құқығымен болашақта тұрғын үй салып алуға рұқсат етіліп, жер учаскелері берілген. Ақтау қаласы маңындағы Приозерный-3 және Маңқыстау кенті тұрғын үй массивтерінен оралмандарға 10 жер учаскесі жекеменшікке, 21 учаскесі жалға беру құқығымен берілген. Жаңаөзен қаласындағы тұрғын үй массивтерінен 400 оралман отбасыларына жер учаскелері бөлінген. Ал, Бейнеу ауданында өз бетімен тұрғын үй салып алу бағытында 33 оралман отбасы жер учаскелерімен қамтамасыз етілген болса, Маңқыстау ауданында-4, Қарақия ауданында 23 оралман отбасына жер бөлінді. Бірақ бұл жеңілдіктердің барлығы жеткіліксіз. Тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде Маңқыстауға 41 мыңнан астам қандасымыз қайтып оралған. Яғни, бұл Маңқыстау жағдайындағы кіші-гірім екі ауданның халқы деген сөз. Көршілес Ақтау облысына 40

мыңнан аса адам келген. Квотасыз келгендер де болды. Мысалы, тек бір жылда осы облысқа оралмандардың 53 отбасы көшіп келген. Маңқыстау облысына келіп жатқандардың 90 пайызы Қарақалпақстан мен Өзбекстаннан. Бір айта кететін жайт, Түркіменстаннан келген қазақтар Өзбекстандағы қазақтар сияқты ауылды жерлерге емес қала маңына шоғырлана орналасқан. Сондықтан да, оларда ең басты мәселе баспана мен ресми тіркеуге тұру қиындық тудырды. Ақтау қаласы маңындағы саяжайларды иеленген олар осы елді-мекендердегі баспаналарды ресми жеке меншікке рәсімдесе деген талаптарды айтады (5). Ақиқатында, тіркеуде жоқ азаматтардың жұмысқа алынбайтындығы белгілі. Олай болса, оралмандар қай жерге орналасса сол жерге тікелей тіркеуге алып, олардың жұмыс тауып, күнін көруге жағдай жасау керек.

Қырғызстанда 42657 қазақтар мекендейді. Қырғызстаннан Қазақстанға барлығы 3 мыңға жуық оралман келген. Орталық Азия елдерінің ішінде Қырғызстаннан келіп жатқан қандастарымыз азшылық. Елдің әлеуметтік экономикалық дамуы төмен деңгейде болғанмен мұндағы қазақтардың біршама бөлігі ауқатты. Сондықтан, болар жастарының болашағын ойлағандар болмаса үлкендер жағы кетуге асықпайды. Сонымен бірге, бір байқағанымыз мұндағы қазақтардың бір бөлігі Кеңестік төңкеріс және ұжымдастыру кезеңінде зорлық көргендермен олардың ұрпағы. Олар қырғыздардың бай манаптарынан көрген жақсылығы арқасында алдына мал, жер бергендігін де ыстық ықыласпен баяндайды [6].

Дегенмен, қай жақтан келген оралман болмасын басты мәселе баспана мен жұмыссыздық. Сондықтанда, ең алдымен оларды әр ауданға, әр ауылға әр бөлімшеге орналастырғаннан гөрі бір жерге топтасыра орналастырып, ресми тіркеуге алу, жер бөліп беру, өздерінің кәсібін алып кетуге не жалғастыруға бар мүмкіндікті жасау маңызды. Егер оларды біртұтас орналастырса бейімделу қиыншылықтарына тез көндігері сөзсіз. Жалпы, үкімет тарапынан демеу, жергілікті әкімшілік орындарынан қолдау көрсетіліп жатса, оралмандар өз проблемасын толықтай шеше алады. Ең бастысы Орталық Азиядан келген оралмандар басқа алыс шетелдерден келіп жатқан оралмандарға қарағанда, қазіргі болып жатқан қоғамдық өзгерістерге, нарықтық қатынастарға психологиялық жағынан дайын. Көптеген оралмандар шаруа қожалықтарын құрып, біразы кәсіпкерлікпен айналысуда. Дегенмен де, көшіп келушілердің көпшілігінің материалдық жағдайы төмен. Ендеше атажұртын аңсап келген оралмандарға жан-жақты ойластырылып, мемлекеттік тұрғыдан ұйымдастырылған көмек керек.

Қай жерге қоныс аударса да сол этникалық топ басқа ұлт өкілдерімен тығыз қарым-қатынасқа бара отырып, рухани және материалдық құндылықтармен алмасады, басқа ортаның кейбір этникалық мәдениет ерекшеліктерін қабылдайды. Олай болса, тарихи Отанына оралған қандастарымыздың өзіндік мәдени ерекшеліктеріне үрке қарамай, олардың мәдени өзгерістеріне де түсіністікпен қарауымыз керек. Ал кей жағдайда олардың бір тобы қаймағы бұзылмаған халқымыздың игі дәстүрлерін сақтап қалған. Олардың арасында елімізде болып жатқан күрделі өзгерістерді

таразылап, халқымыздың ұмытыла бастаған тамаша қасиеттерін тірілтуге, өткеннің өнегесінен үйретуге баулитын қоғам қайраткерлері, ақын-жыршылары, кәсіпкерлері, қолөнершілері де жоқ емес. Олардың кейбірі өз дарынын, қабілетін не мамандығымен қызмет ете алмай жүргендері де кездеседі. Сондықтан, елге оралған отандастарымызды бауырмалдықпен қарсы алып, олардың өз елінде өгейсімей, ортамыздан орын тауып, елге сіңісті болып кетуіне жағдай жасау қажет.

Ұлттық қауіпсіздігімізді нығайтуда және экономикамызды жаңа еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін, Елбасымыз 2015 жылға дейін республика халқы санын 20 миллионға жеткізу қажеттігін айтып келе жатыр. Сондықтан халықтың санын көбейтіп, құрамын нығайтайық десек, сырттан келген оралмандарға, олардың жас ұрпақтарына Қазақстан үкіметі тарапынан жан-жақты, нақтылы түрде қамқорлық ұйымдастырылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалшабаева Б.К. Орталық Азиядағы қазақтар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 401 б.
2. Тукумов Е. Казахи Узбекистана // Центральная Азия и Кавказ. – М., 2000. № 67. С. 214 – 215.
3. 2011-2012 жж. 1147 «Қазақ диаспорасы және репатрианттар: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жоба бойынша Оңтүстік Қазақстан облысына жүргізілген далалық зерттеу материалдарынан.
4. 2012 жж. Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданынан жиналған далалық зерттеу материалдарынан.
5. 2007 ж. Автордың Маңқыстау облысынан жиналған далалық материалдарынан.
6. 2002-2003 жж. Автордың Қырғызстаннан жиналған далалық материалдарынан.